

Так что же такое компетентностный подход?

Компетентностный подход в образовании в противоположность концепции “усвоения знаний”, а на самом деле суммы информации (сведений), предполагает освоение учащимися различного рода умений, позволяющих им в будущем действовать эффективно в ситуациях профессиональной, личной и общественной жизни. Причем особое значение придается умениям, позволяющим действовать в новых, неопределенных, проблемных ситуациях, для которых заранее нельзя наработать соответствующих средств. Их нужно находить в процессе решения подобных ситуаций и достигать требуемых результатов [3, с 81].

Таким образом, компетентностный подход является усилением прикладного, практического характера всего школьного образования (в том числе и предметного обучения).

Принципиально изменяется и позиция учителя. Он перестает быть вместе с учебником носителем “объективного знания”, которое он пытается передать ученику. Его главной задачей становится мотивировать учащихся на проявление инициативы и самостоятельности. Он должен организовать самостоятельную деятельность учащихся, в которой каждый мог бы реализовать свои способности и интересы. Фактически он создает условия, “развивающую среду”, в которой становится возможным выработка каждым учащимся на уровне развития его интеллектуальных и прочих способностей определенных компетенций в процессе реализации им своих интересов и желаний, в процессе приложения усилий, взятия на себя ответственности и осуществления действий в направлении поставленных целей.

Список литературы:

1. Татьянченко Д.В., Воровщиков С.Г. Программа общеучебных умений: совершенствование эффективности формирования познавательной компетентности школьников. // Образование в современной школе. - №6.-2002. с. 44-57.
2. Пронина С.М. Гарантии и контроль качества как условия формирования культуры учащихся в процессе обучения. // Инновации в образовании. - №7.-2007. с. 71-78.
3. Воровщиков С.Г. Учебно-познавательная компетентность школьников: опыт системного конструирования. // Завуч. Управление современной школой. - №6. – 2007. с. 81-97.

Тоқбаева Айнұр Елеубайқызы

Алматы қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ТИІМДІ КЕРІ БАЙЛАНЫС - САБАҚ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

АННОТАЦИЯ

Мақалада мұғалім зерттеу сабағында қолданған әдістері мен олардың нәтижесімен бөліседі. Мұғалім тарапынан берілген тиімді кері байланыстың сабақ сапасының жақсаруына қалай әсер еткендігін жазады. Тиімді кері байланыс сапаны жақсартады деп түйіндейді.

Түйінді сөздер: кері байланыс, сабақ сапасы, мұғалімнің нұсқаулығы, іс-әрекеттегі зерттеу, қадағалау

АННОТАЦИЯ

В статье учитель делится результатами исследования и методами применения их на уроках. Учитель делает вывод, что эффективная обратная связь со стороны учителя, влияет на улучшение качества урока.

Ключевые слова: обратная связь, качество урока, инструкция учителя, исследования в действий, наблюдение

ABSTRACT

The article shares the teaching methods used in the research and their results. The teacher concludes that effective feedback given by the teacher influences the effect of improving the quality of the lesson.

Keywords: feedback, the quality of the lesson, the teacher instruction, research actions

Өз пәнін білетін мұғалімдер пәнді оқушылардың өз түсінігі мен пікірі қалыптасатындай етіп бере алады (Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші деңгей). 71-бет.). Мен кейінгі жылдары өткізген сабақтарымда осы пікірді басшылыққа алдым десем де болады. Бұл мақалада мен бұрынғы қолданған әдістерімді келесі сыныптарда басқаша етіп қолданып, іс-әрекеттегі зерттеуді қайтара жүргізіп көрдім. Менің алғашқы пікірім мен кейінгі пікірімнің қаншалықты айырмашылығы бар екенін байқағым келді. Кейін мен сабақта әдістерімді түрлендірдім. Осы тұста барлығы да жағдаятқа сай мұғалімнің шеберлігіне байланысты екенін түсіндім.

Жоғарыда айтқандай, жаңа материалды игеруде оқушының мақсатқа жету жолындағы өз түсінігі мен пікірі, білімінің қалыптасуына сабақтағы көңіл – күйі қатты әсер етеді. Сондықтан сабақтағы психологиялық ахуалды жақсарту үшін оқушыларға кері байланыс берген тиімді. Алғашқы кері байланыс оқушылардың бір-біріне деген құрметін сездіру мақсатында «Шаттық шеңберінде» жасалынса да болады. Себебі сабақ қандай көңіл-күймен басталса, аяғына дейін сондай күйде болады.

Менің 8-сыныптардағы сабақтарымда оқушылар бір-біріне кері байланыс ретінде жақсы мінездерін айтып, сәттілік пен жақсылық тілегеннен кейін, оқушыларды топқа бөлдім. Топқа бөлу кезінде мен оқу қажеттіліктері әр түрлі фокус-топқа алынған үш оқушының бір топқа түспеуі үшін, топқа өзім бөлдім. Бұл әдісім сәтті болды: фокус-топтың оқушылары өз қабілеттерін топтық жұмыстарда барынша ашып көрсетті. Топтық жұмысты ұйымдастыру, топ ережесін сақтау, рөлдерді бөліп беру мен регламент сақтауға топ басшылар мән берді. Өйткені үнемі кері байланыс берудің нәтижесі топтық жұмыс барысындағы оқушылардың өзіндік реттелуіне әсер ете бастады. Уақытты тиімді пайдаланып, нәтижелі жұмыс жасаулары осының дәлелі болды деп айта аламын.

Сабақтың ой шақыру әрі оқушы назарын тақырыпқа аудару кезеңінде төрт сұрақ қойдым. Бұл сұрақтар топқа берілген суреттерге және тақырыпқа байланысты болды. Осы тұста сабақтың тақырыбына орай мақсатпен байланыс жасалды. Бұл сабақ жаңа тараудың бастамасы болғандықтан, оқушының жаңа материал бойынша нені білетіні немесе түсінетінімен тығыз байланысты басталды. Сабақтың мақсаты айтылды, оқу мақсатына сілтеме жасалынды. Сосын оқушылар өздерінің бүгінгі сабақты игерудегі мақсаттарын ауызша айтты, жетістік критерийлерін айқындады.

Жалпы, мен тапсырма бергенде, барлық оқушының назарын бірдей аударғанды жөн санаймын. «Тыңдаңыздар! Мына тапсырма топтық жұмысқа арналған. Топ ережесін еске түсіріңіздер. Тапсырманың орындалу уақытын ескеріңіздер», т.с.с. нұсқаулықтар қысқа сөйлеммен беремін. Мұғалімнің осындай нұсқаулығынан кейін оқушылар қайта-қайта сұрай бермейді, топтық жұмысқа бірден кіріседі, соғанбайланысты уақыт та үнемделеді.

Менің бұл зерттеу сабағымдағы 1-тапсырма тыңдалым дағдысы бойынша берілді. Оқушылар бейнебаян көрді. Бейнебаянның ұзақтығы 3-4 минуттық. Егер бұдан асып кетсе, онда оқушыны жалықтырып жібереді. Бейнебаянды көрсетпес бұрын, тыңдалымалды тапсырма бердім. Оқушылар бұл тапсырмада неліктен осы бейнебаянды көру керек екендігін білді. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма таратылып берілгеннен кейін, топтық жұмыс жүрді. Осы топтық жұмыс кезінде оқушылардың талқылауын тыңдай жүріп, олардың бірін-бірі оқыту үрдісінің іске жатқанын білдім. Фокус-топтағы А оқушы өзінің тәжірибесі бойынша, білгенін ортаға салып, таныстырылымды басқалардан ерекше қалай жеткізуге болатын жолдарын айтып жатты. Осы тұста мен оқушының осы жауабына топ оқушылардың назарын аудардым. «Балалар, тыңдаңыздаршы, А өзінің пікірін сіздерге айтпақшы, бұл жауапты мен мұғалім ретінде керемет жауап деп тауып отырмын» - дедім. Барлық оқушының назарын аударып білгеніне, сыныптастары мен мұғалімнен мақтау сөздерін естігенге шабыттанған А-ның қимылы ширақ бола түскенін байқадым. Оқушылардың ішкі мотивациясының артуына мұғалім тарапынан берілген кері байланыстың әсері мол екендігіне А оқушының ынталанған әрекетінен түсіндім.

Мен топтық жұмысқа көбірек уақыт бердім. Бұл уақыт аралығында оқушылар өздерінің болжамдарын бір-біріне айтып, топтық жұмысты қорғауда айтатын сөздерінің құрылымын

дайындап жатты. Осы сәттерде В оқушының көптен бері байқалып жүрген ұйымдастырушылық қабілеті жанданғанын байқадым. Бір қызығарлығы, В оқушы басқа пәндерден алған білімін, өзі оқып танысқан мәліметтерін де осы арада ортаға салды. Осылайша, сол топтағы оқушылар жаңа мәліметтерді естіп, бір-бірінен үйренді. Воқушының стратегиясына сәйкес жұмыс алгоритмін құрды. Топтық жұмысты қорғағанда, кері байланыс ретінде В оқушының тамаша стратег бола алатынына сенетіндігімді білдірдім. Осы жерде мен бұл сыныпта топтық жұмыстарға көшбасшы болу қабілетіне оқушылардың үйреніп келе жатқандығын байқадым.

Пікірді өмірмен байланыстыруға келгенде, Соқушының өз жанұясында, өз басында өткен оқиғалармен байланыстырып, мақтанышпен айтқанына қарап, оқушылардың бойында құрмет құндылығының көрініс тапқанын білдім. Олардың жауаптарды тыңдай келе, мен топ оқушылардың назарын С оқушының жауабына аудардым. «Міне, осындай игі істерді үлкен құрметпен, мақтанышпен орындай жерде еске алған дұрыс. Біз де әрбір ісімізді ізгілендіріп, тек жақсы істерді жасауға ұмтылайық» - деген баға кері байланыс бердім.

Тақырып бойынша қорытынды шығаруға келгенде, Д оқушының танымдық өресінің биіктігін байқадым. Кіріспе сөзін мақалмен бастап, аргументтерін де мақалмен келтірген оқушының жауабына сыныптың назарын аудардым. Оқушы жауабын бағалап, сыныптың назарын аударту – мұғалім тарапынан берілетін кері байланыстың бір түрі деп есептеймін. Оқушының осы жауабына назар аударған сыныптастары өздерінің бағалаулары ретінде қол соғып бағалады.

Аталған тапсырманы орындау барысында Е оқушының топтық жұмысқа араласпай отырғанын байқадым. Оның ойын сабақ барысына аударғым келіп, жеке тапсырма бердім. «Сіз тәуелсіз бағалаушы болып, маған көмек жасаңыз. Топтардың айтқан ойларынан өзіңізге ұнаған сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, цитаталарды дәптеріңізге түртіп отырыңыз» - деген ұсыныс айттым. Е оқушы өзін «тәуелсіз бағалаушы» деп жариялағанға қуанып кетті, бұл іске белсене кірісті. Өйткені мұғалімнің өзіне сенім артқандығын сезінген оқушы оны ақтауға тырысатыны сөзсіз. Мұндай сенім – кері байланыстың бір түрі деп те айта аламын. Ендігі жерде мен осындай жағдаяттар кездесіп қалғанда, қиналып қалмайтындай, басқа да тәсілдерді оқып білуім керек деп түйдім. Мұғалімнің әдістемелік қоры мол болса, кез келген жағдаяттан оңай шығатынына көзім жетті.

Сергіту сәтінде билеген би сабақтың тақырыбымен байланысты болды. Мен өзім де оқушылармен бірге биледім. Өйткені би қимылдарын өзімізге ыңғайлы етіп бейімдеп алдық. Сынып оқушылары орындарынан тұрып, бойларын жазды.

Келесі тапсырмада оқушыларға бірнеше сөздер берілді. Бұл сөздер атақты компанияның даму барысында пайдаланған стратегияларынан алынды. Кілт сөздер арқылы оқушылар негізгі ойды ретімен таба ала ма екен деген оймен бақылады. Тапсырма бойынша, қолға алған істің дұрыс жүруі үшін сөздерді логикалық байланыстылық ретімен орналастырулары керек еді. Оқушылардың жұмыс барысын қадағалай жүріп, мен өзімнің ойымнан шыға алатын жауап айтыла ма екен деп оқушыларды тыңдадым. Ж оқушы осы жауапқа жақын келіп еді, бірақ оның дауысы тым сенімсіздеу шыққандықтан, қызу талқылауды бөлмедім. Ж оқушыға бағалау беріп кеттім. Бұл – мен сіздің жауабыңызға ризамын дегенді білдіретін бас бармақтың көтеріліп тұрған суреті. Топтағы талқылауды бұзбайын, сөздерін бөлмейін деген мақсатпен тек суретпен бағаладым.

Оқушылар тапсырманы орындап болғаннан кейін, қорғайтын кезде топтар бір-бірін бағалады. Бағалау критерийлері жетістік критерийлерімен сәйкес болды.

Сабақтың қорытындысы ретінде «Өзім үшін жазу» 5 минуттық эссесін дәптерлеріне түсірді. Оқушылар бүгінгі сабақтан түйген ойларын, білген жаңа сөз тіркестерін қағазға түсіргенде, құрмалас сөйлемдерді қолданды. Салалас құрмаластың жалғаулықты түрін кеңінен қолданды.

Оқушылардан алынған кері байланыс бүгінгі сабақтағы жасаған іс-әрекетімізді қорытындылауға көмектесті. Кері байланыстың «Бес саусақ» әдісі оқушылардың назарына тез шалынды әрі олар басқаша формада берілген кері байланыс парағын толтыруға қызықты.

Осы сабақты өткізу барысында мен Action Research жобасы бойынша семинарларда алған білімімді тағы да жүзеге асырып көрдім. «Мұғалім тарапынан үнемі беріліп отыратын кері байланыс сабақ сапасының жақсаруына әсер ете ала ма?» деген сұраққа осы сабақтарымда тағы бір дәлелді жауап тапқандай болдым. Берілген тапсырмалар мен қолданған әдістер қалай әсер ететінін қадағаладым. Қадағалаудан байқағаным: аудиал, визуал, кинестетик оқушылардың әрқайсысының қабылдауы ерекше, сондықтан әр оқушының қабілетіне қарай басқаша қатынас жасау керек, тиімді кері байланыс баланың мерейін өсіреді, оқуға деген ынтасын арттырады, сабақ сапасын жақсартады деп қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Петти Д. «Современное обучение». – перевод П.Кириллова, – М., 2010. – (Сер.«Прикладная психология»).
2. Халперн Д. Психология критического мышления. – СПб., 2000. – (Сер.«Мастера психологии»).
3. Дудкина О.И., Буркитова А.А., Шакиров Р.Х. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство. - Б.: «Билим», 2012.
4. Браус Дж., Вуд Д. Инвайронментальное образование в школах: Руководство: как разработать эффективную программу: Пер. с англ. – СПб., 1994.

Трусбаева Енлик Сакеновна
Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы

ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚУШЫ ЫНТАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУҒА ЫҚПАЛЫ

АННОТАЦИЯ

Деңгейлік курстарда оқылған формативті бағалау оқушының сабаққа деген ынтасын арттырып қана қоймайды, оның өз бетімен іздену дағдысын да қалыптастырады. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында формативті бағалау оқушының өзін-өзі жетілдіре алатынына сенімін қалыптастыруға көмектесті.

Түйінді сөздер: деңгейлік курс, формативті бағалау, оқушының өзін жетілдіруі.

АННОТАЦИЯ

Формативное оценивание повышает не только мотивацию к обучению, но и навыки самостоятельной работы учащихся. В статье также показана эффективность формативного оценивания в обучении казахскому языку, его роль в формировании чувства успешности ученика.

Ключевые слова: уровневые курсы, формативное оценивание, самосовершенствование ученика.

ABSTRACT

Formative assessment not only increases the motivation to learn, but also the skills of independent work of students. The paper also shows the effectiveness of formative assessment in learning the Kazakh language and its role in shaping a sense of student success.

Keywords: proficiency courses, formative assessment, student self-improvement.

Қазіргі кезде мұғалім оқушыға білім алудың жобалық, шығармашылық және зерттеу жұмыстары сияқты жаңа түрлерін ұсынғанымен, оны бағалаудың жаңа құралдарын әлі қолдана қойған жоқ. Оқушылар үшін жабық болып көрінетін бағалаудың консервативті түрі: дәстүрлі бесбалдық жүйе бұған жарамайды. Бағаның қандай критерийлер негізінде қойылатыны оқушылар үшін түсініксіз, критерийлер талқыланбайды. Бұл білім беруді дараландыруға үйлеспейді. Осыған жауап ретінде бағалаудың жаңа түрлері ұсынылды: формативті бағалау (formative assessment) және суммативті (summative) бағалау [1]. Бұл